

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Еурохим Каратау" ЖШС "Минералды тыңайтқыштар зауытын салу күкірт қышқылын орнату" жобасының әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

2024 жылғы 24 шілдеде сағат 15-те басталатын тыңдаулар Жанатас қаласында, Бейбітшілік көшесі, 25-үй, қалалық әкімдіктің акт залы өтеді.

2024 жылғы 25 шілдеде сағат 15-те басталатын тыңдаулар Сарысу ауданы, Бүркітбаев ауылында, мәдениет үйінде өтеді.

" ЖШС. Мекен-жайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17/1 үй, 5Б блок, №14 кеңсе. БСН 130640023294. Телефон: +7 701 804 68 50. E-mail: olga.poryadukha@eurochem.ru байланыс тұлғасы Ольга Попрядуха.

Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар құрастырушы: "ЕКОКРОНОС" ЖШС. Мекен-жайы: 050063, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жетісу-1 шағынауданы, 36 үй, 10 кеңсе. БСН 090440002690. Байланыс: +7777323 44 45 (WhatsApp) - Уварова Ольга Станиславовна, email: eokronos@inbox.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен бірыңғай экологиялық порталда

танысуға болады www.ecoportal.kz және Сарысу ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында www.sarysu.zhambyl.kz. Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities?lang=ru

Көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізуге қатысушыларға қатысты және көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады eokronos@inbox.ru және моб.Тел.+7 777 323 44 45 (WhatsApp). Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қағаз немесе электрондық нысанда Жанатас қаласы, Бейбітшілік көшесі 1 мекенжайына жіберуге болады. Телефон, +7 (72634)6-32-81.(кеңсе), e-mail-де: sarysu-akimat@mail.kz немесе сайтқа www.ecoportal.kz.

Уақыты: 24 шілде. 2024 03:00 PM Алматы кіру Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/79434914440?pwd=eEORrRVdtXAPVmqJSUXu0osvvZ6cNd.1> конференция идентификаторы: 794 3491 4440 кіру коды: b4JJdL.

Уақыты: 25 шілде. 2024 03:00 PM Алматы кіру Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/76687031273?pwd=8i2p8wuf212ZM3GJlcmSoG154urXaL.1> конференция идентификаторы: 766 8703 1273 кіру коды: v2F5B3

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Еврохим Каратау» планирует проведение общественных слушаний в форме открытого собрания, по материалам для получения экологического разрешения на воздействие проекта «Строительство завода минеральных удобрений Установка серной кислоты»:

24 июля 2024 года, начало в 15 часов, слушания пройдут в городе Жанатас, ул.Бейбитшилик, дом 25, Актальный зал городского Акимата.

25 июля 2024 года, начало в 15 часов, слушания пройдут в ауле Ашира Бүркітбаева, Сарыуского района, Дом культуры.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЕвроХим-Каратау». Адрес: 050059, Республика Казахстан, город Алматы, Бостандықский район, проспект Аль Фараби, дом 17/1, блок 5Б, офис №14. БИН 130640023294. Телефон: +7 701 804 68 50. E-mail: olga.poryadukha@eurochem.ru Контактное лицо Ольга Попрядуха.

Составитель материалов для получения экологического разрешения на воздействие: ТОО «ЕКОКРОНОС». Адрес: 050063, Республика Казахстан, город Алматы, Ауэзовский район, микрорайон Жетісу-1, дом 36, офис 10. БИН 090440002690. Контакты: +7777323 44 45 (WhatsApp)-Уварова Ольга Станиславовна, email: eokronos@inbox.ru

С материалами выносимыми на общественные слушания, а также после с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на Едином экологическом портале www.ecoportal.kz.

официальном интернет-ресурсе Акимата Сарыуского района www.sarysu.zhambyl.kz и Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities?lang=ru

Информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний и копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по электронному адресу eokronos@inbox.ru и моб. тел. +7 777 323 44 45 (WhatsApp).

Замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний можно направить по адресу: г Жанатас, ул.Бейбитшилик 1. Телефон, +7 (72634)6-32-81.(канцелярия), на E-mail: sarysu-akimat@mail.kz или на сайт www.ecoportal.kz.

Управление Природа приглашает вас на запланированную видеоконференцию:

Время: 24 июля 2024 03:00 PM Алматы войти Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/79434914440?pwd=eEORrRVdtXAPVmqJSUXu0osvvZ6cNd.1> Идентификатор конференции: 794 3491 4440 Код доступа: b4JJdL.

Время: 25 июля 2024 03:00 PM Алматы войти Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/76687031273?pwd=8i2p8wuf212ZM3GJlcmSoG154urXaL.1> Идентификатор конференции: 766 8703 1273 Код доступа: v2F5B3

СТАТИСТИКА ХАБАРЛАЙДЫ

Сарысу ауданының 2024 жылғы қантар-мамыр айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

Ауыл шаруашылығы. Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен негізінен шаруа қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтары айналысады. Есепті мерзім ішінде төрт түліктің барлық түрлерінің өнімдерін қоса есептегенде 2529,1 тонна ет, 2804,8 тонна сүт, 1764,1 мың дана жұмыртқа өндіріліп, өткен жылғы сәйкес кезеңдегімен салыстырғанда 65,4 тонна ет, 108,4 тонна сүт, 38,4 мың дана жұмыртқа артық өндірілді. Мал басы өз төлдері есебінен көбейту арқылы мүйізді ірі қара мал саны 28016 басқа, қой 242311 басқа, ешкі 42803 басқа, жылқы 9631 басқа, түйе 2989 басқа, үй құстары 27422 басқа жетіп, өткен жылғы есепті мерзімдегімен салыстырғанда мүйізді ірі қара малы 1739 басқа, жылқы 1596 басқа, түйе 517 басқа, үй құстары 278 басқа

көбейіп, қой 13213 басқа, ешкі 7468 басқа азайған.

Өнеркәсіп өндірісі. 2024 жылғы қантар - мамыр айларында өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын кәсіпорындар, қосалқы өндіріс және үй шаруашылықтарын қосқанда) 33775,3 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 2023 жылғы сәйкес кезеңге 100,1%-ды құрады.

Инвестиция. Құрылыс. Аудан бойынша қантар - мамыр айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі – 10931,6 млн. теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үй – 3087 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі – 3715,9 млн. теңгені құрады.

Бөлшек сауда. Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 1392,1 млн. теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 292,4 млн. теңгеге, азық-түлік емес тауарлары 1099,7 млн. теңгеге сатылды.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ҮӘКІЛДІҢ МІНДЕТТЕРІ

2015 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп кодексі» және «Әдеп жөніндегі үкіл туралы ереже» қабылданды. Әдеп жөніндегі үкілдің негізгі міндеттері мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке бағытталған мемлекеттік менеджменттің жана, ұтымды, сапалы моделін қалыптастыру.

Әдеп жөніндегі үкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, сондай-ақ, өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілерге кеңес беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі үкілдің негізгі функциялары:

4. Әдеп жөніндегі үкіл өз қызметі шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ҚР-ның мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау

2) мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етуді;

3) өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша

4) ұжымда жалпы қабылданған моральдік-әдептік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

5) мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

6) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторинг-теуді және бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу деректері бойынша тиісті шараларды қабылдау

8) ҚР-ның мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің бұзылған жағдайларда, құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды талдайды

9) ҚР-ның мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің бұзу профилактикасы және оған жол бермеу,

10) ҚР-ның мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің сақтау мәселелері

11) заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдарға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау

12) қызметтік әдеп нормаларын бұзудың профилактикасы мақсатында өзге де қызметті ұйымдастырады.

5. Әдеп жөніндегі үкіл өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдау

2) Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру үшін тиісті үкілетті органдарға заңнамада белгіленген тәртіппен жүгінеді;

3) мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан адамдарды көтермелеу туралы ұсыным енгізеді;

Г.БАЙЗАКОВА, мемлекеттік сот орындаушы

ЕСКЕ АЛУ



Саудакент ауылының тұрғындары болған, шаңырағымыздың панасы, асыл ана, қамқор әже **Айнақұл Әубәкірқызы** және бауырымыз, ұлымыз **Елжан Ерланұлы**н өткен жылы мәңгілікке айырылып, қайғыдан көкірегіміз қарс айырылған еді.

Бұл жағдайда ананың орны ерекше. Ортамызда жайрандап, кесімді сөздер айтып отыратын аяулымыздың қазасы отбасымызға ауыр тиді. Ардақтымыздың ыстық алақаны мен «айналайын» деген сөзін сағындық. Өткен

жылы отбасымызға ауыр сынақтар келді. Өзегімізді жарып шыққан баламыздан да айда-жоқта айырылды. Перзенттерінің азасын көру ата-ана үшін жазылмас дерт. Ер тұлғалы болып өсіп, бауырларының, достарының ортасында сыйлы болып жүрген перзентімізді жоғалту ауыр соққы болды.

Жанға жайлы мінезден кең құшағыңды жайып жүрсен де, кең дүниеге сыймай, шын дүниеден тапқан мәңгілік мекендеріңіз жұмақ болсын. Сіздер мәңгі біздің жүрегімізсіздер. Жатқан жерлері жарық, топырақтары мамық болғай.

Сен кеткенде жанарлар да жылап тым,

Жігеріміз кетті сынып, сұлап мын.

Аяулы жан, жаның болғай әрқашан,

Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың...

Марқұмдардың рухына бағыштап, Саудакент ауылы, Қ.Асанов көшесіндегі №21 үйде 28 маусымда қонақасын, 29 маусымда жылдық астарын таратамыз.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: Шөжеевтер әулеті



Сарысу ауданының тумасы, Жамбыл ауданы, Қаракерем ауылының тұрғыны болған, аяулы ана, шаңырағымыздың ұйытқысы **Рымбала Жақсылыққызы** өткен жылы 15 тамыз күні 77 жасында өмірден озған еді.

Шаңырағымыздың ұйытқысы, қамқоршымыздан айырылып, басымызға қайғының бұлты торлады. Зымыраған күндерде тоқтау жоқ екен. Қамқоршымыздың жүзін көрмегенді де жылға жуық уақыт сырғып өтіпті. Анамыздың біздер үшін орны ерекше еді. Асыл анамыз көзімізден жырақта болса да, мейірімді жүзі мен жарқын бейнесі жадымыздан өшпек емес. Өзіміз өке, ана атансақ та асылымызды сағына іздейміз, жабығамыз.

Келместің кемесіне мініп, қайтпас сапар аттанған қамқоршымызды сағына еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, алды пейіш, арты кеніш болсын дейміз.

Сен кеткенде жанарлар да жылап тым,

Жігеріміз кетті сынып, сұлап мын.

Аяулы жан, жаның болғай әрқашан,

Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың...

Марқұмның рухына бағыштап, Қара керем ауылы, Көбей көшесі №3 үйде 29 маусым күні сағат 12.00-де жылдық асын таратамыз.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жолдасы-Төлөпберген, ұл-қыздары, немерелері



Біздердің асқар тауымыз, анамыздың өмірлік жолдасы, мейірімді бауыр, немерелерінің қамқор атасы, Жанатас қаласының тұрғыны болған **Шынайдар Бекзақұлы ЕРАЛИЕВ** үстіміздегі жылы 18 мамыр күні 71 жасында мәңгілік мекеніне аттанған еді.

Күн артынан күн өтіп, ай артынан ай өтіп, өмір өте береді екен... Сағыныш деген мұңлы дүние жаныңнан бір елі кетпей қояды екен. Қиналған кезде, жиналған кезде өзіне жақын адамды іздейді екенсің. Сондай күндерде асқар тауымыз қасымызда болмаса да, бізге айтқан өсиеті, ақыл-кеңесі үнемі жадымызда жаңғырып тұрды. Әкем салған сұрлеумен жүре білдік. Біз жүріп өткен жолда, өке, сіздің ізіңіз бар.

Асқар тауымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, алды пейіш, арты кеніш болсын деп тілейміз.

Басқа салса көнеміз де тағдырға,

Айналдың –ау дәл бүгінде ақ жырға.

Дұға тілеп еске алатын өзіңді,

Бала-шағаң, туыстарың бар мұнда.

Марқұмның рухына бағыштап, 29 маусым күні сағат 13.00-де «Алдияр Холл» мейрамханасында қырық күндік асын таратамыз.

Еске алушылар: Ералиевтер әулеті

Меншік иесі:
“САРЫСУ” ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Жанна ЖЕТЕНОВА
Директор

Редакция телефондары:
Директор:
6-29-21,
тілшілер:
6-19-12,
E-mail: sarysu_02@bk.ru
gazeta-sarysu.kz
Таралымы 2610
Тапсырыс №63

Редакция мақала авторларының көзқарасы үшін жауап бермейді, қолжазба кейін қайтарылмайды. Жарнама мен хабарландырулардың, құттықтаулар мен көңіл айтулардың мәтіні мен мазмұнына тапсырыс беруші жауапты. Газет уақытылы қолыңызға тимесе 6-19-12 телефонына хабарласыңыз. Sarysu газетінде жарияланған материалдарды әлеуметтік желілерде, басқа да басылымдарда көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша келісімі алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газет аптасына екі рет-сәрсенбі, сенбі күндері шығады. Газет индексі-65301

А-Материалдың жариялану ақысы төленген
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «ЖБО «Сенім» баспаханасында басылды. Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі 22 үй.
Газет Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2020 жылғы 08 қантарда тіркеліп, №KZ04VPY00019163 куәлігі берілген.

Кезекші редактор:
САМАТ ТОҚБАНОВ
Мекенжайымыз:
080700,
Жанатас қаласы,
1-шағынауданы, 28-үй.
САРЫСУ